

**"Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943
қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1244 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24
қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 38, 439-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ережеде:

14-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:
«ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысуды;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*